

3. Дидковский Н.А., Дворецкий Л.И. О лихорадках неясного генеза в практике терапевта // Сов. мед. – 1980. - №9. – С. 65-70.
4. Самсон А.А. Лихорадка неясного генеза // Медицина неотложных состояний. – 2005. - №1. – С. 50-52.

5. Балабина Н.М. Лихорадка неясного генеза (сообщение 2) // Сибирский медицинский журнал. – 2006. - №4. – С. 97-99.
6. Petersdorf R.C. FUO. An old friend revisited // Arch. Int. Med. – 1992. - Vol. 152. – P. 21-23.

Тұжырым

БЕЛГІСІЗ СЕБЕПТЕРДЕН БОЛАТЫН ҚЫЗБА

Л.А. Муковозова, А.З. Токаева, Б.А. Алиев, Л.Г. Левашова, А.К. Сибиряков, А.В. Сутормина, Н.Ж. Байтулеуова
Семей қаласының Мемлекеттік медицина университеті,
Семей қ. Жұқпалы аурулар ауруханасы

Белгісіз қызба диагнозбен инфекциялық емханада емделген 71 науқастардың ауру тарихтардың талдау бойынша нәтижелері берілген. Осы аурудың себептері анықталған, оның ішінде жиі кездесетіндер көрсетілген.

Кілтті сөздер: белгісіз қызба, нозологиялық құрылым.

Summary

FEVER OF UNDETERMINED ORIGIN

L.A. Mukovozova, A.Z. Tokayeva, B.A. Aliyev, L.G. Levashova, A.K. Sibiryakov, A.V. Sutormina, N.Zh. Baytuleuova
Semey State Medical University,
Infectious hospital, Semey

The results of retrospective analysis of 71 case histories of patients admitted to the Infectious Diseases Hospital of the Semey city with diagnosis of "Fever of undetermined origin" are given in the article. Causes of fever, among which are the most frequent, are identified.

Key words: fever of undetermined origin, nosological structure.

ӘОЖ:616.97+615.036

Ы.О. Кайрханова

Семей қаласының Мемлекеттік медицина университеті, «Медицина» мамандығы бойынша магистрант молекулалық биология және микробиология кафедрасы

СЕМЕЙ Қ. БОЙЫНША 2011 - 2012 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛЕТІН АУРУЛАРДЫҢ АУРУШАҢДЫҒЫ

Аннотация

Бұл мақалада Семей қ. бойынша 2011 - 2012 жылдың 1-ші жартысындағы тұрғындардың ЖЖБА аурушаңдығының талдауы, 2012 жылдың 1-ші жартысында науқастарды жасы бойынша бөлу жүргізілді. Мерезбен және созақпен аурушаңдық жоғарлағаны, хламидиозбен аурушаңдық өткен жылдың деңгейінде сақталып қалғандығы байқалады. Барлық ЖЖБА бойынша ең жоғарғы үлес салмағы 18-44 жас аралығына келетіні, жасөспірімдер арасында мерезбен, созақпен және хламидиозбен науқастанушылық азайғаны байқалды.

Кілттік сөздер: аурушаңдық, мерез, созақ, хламидиоз.

Өзектілігі. ЖЖБА (жыныстық жолмен берілетін аурулар) деп негізгі берілу жолы сақтанбаған жыныстық қатынас болатын жұқпалы аурулар тобын айтады. ЖЖБА – ға мерез, созақ, микоплазмоз, хламидиоз, трихоманоз сияқты аурулар жатады [1]. Бұл аурулардың барлығы ерте заманнан белгілі, және қазіргі күндерде де бұл аурулар өте жиі кездеседі. Қазіргі уақытта жыныстық жолмен берілетін ауруларға (ЖЖБА) бактериялардың, вирустардың, саңырауқұлақтардың, қарапайымдылардың 30 астам түрлері жатады.

Сонымен қатар қазір ЖЖБА бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдай қалыптасуда, ол созылмалы ағыммен, асқынулардың кең спектрімен және әйелдер мен ер адамдардың репродуктивті қызметінің бұзылу мүмкіндігімен сипатталады [2,3]. Жыныстық жолмен берілетін аурулармен ауыратын науқастардың санының артуы кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша қоғамдағы нашарлеуметтік – экономикалық және саяси өзгерістермен (жұмыссыздық, кедейшілік, миграция және т.б.), және тұрғындардың жыныстық мінез-құлқының өзгеруімен байланысты (жыныстық өмірінің белсенділігі және моральды жыныстық еркіндік) [4,5].

ДДСҰ мәліметтері бойынша жыл сайын дүниежүзінде созақтың 250 миллионға дейінгі жағдайы және хламидиоздың 89 миллион жағдайы тіркеледі.

Жұмыстың мақсаты - Семей қаласындағы ЖЖБА аурушаңдық жиілігін зерттеу негізінде азайғандығын немесе көбейгендігін анықтау.

Семей қаласы бойынша ЖЖБА көбінің азаюына қарамастан эпидемиологиялық жағдай барлық зерттеу кезеңінде қарқынды болып қала берді.

Зерттеу материалдары және әдістері: Зерттеу Семей қаласының Тері және венерологиялық аурулар диспансерінде жүргізілді. 2011-2012 жылдың бірінші жартысындағы ауру тарихының ретроспективті талдауы жүргізілді. Жалпы зерттеу жүргізу барысында 491 ауру тарихы қаралды. Оның нәтижесі кестеде көрсетілген.

№1 кестедегі мәліметтер 2012 жылдың бірінші жартысында мерезбен аурушаңдық 100 мың тұрғынға шаққанда 11,7-ден 15,1-ге жоғарлады (31,6%-ға); созақпен аурушаңдық 23,8 –ден 26,5 жоғарлады (14,2%-ға). Хламидиозбен аурушаңдық өткен жылдың деңгейінде сақталып қалды – 72,6 және 77,2.

№1 кесте.

Семей қ. бойынша 2011 - 2012 жылдың 1-ші жартысындағы тұрғындардың ЖЖБА аурушандығы.

	Тұрғындар		Абсолютті саны		100 мың тұрғынға	
	2011	2012	2011	2012	2011	2012
Мерез	323,3	331,6	38	50	11,7	15,1
Созак			77	88	23,8	26,5
Хламидиоз			120	118	37,1	35,6
Барлығы			235	256	72,6	77,2

№2 кестедегі мәліметтер 2012 жылдың 1-ші жартысында барлық ЖЖБА бойынша ең жоғарғы үлес салмағы 18-44 жас аралығына келетінін, сәйкесінше 90,6 және 92,9% болатынын көрсетті, 45 және одан үлкендер тобы – 8,1 және 5,9%.

Жасөспірімдер арасында мерезбен, созақпен және хламидиозбен наукастанушылық азайған (өткен жылы

хламидиоздың 1 жағдайы, 2011 жылдың 1 кварталында – ЖЖБА 3 жағдайы тіркелген). 18-44 жас аралығындағы жастық категориясында мерездің 29-дан 41 жағдайға дейін жоғарлағаны – 41,3%-ға, созақтың біраз жоғарлауы 72-ден 83 жағдайға – 15,2%-ға байқалады.

№2 кесте.

2012 жылдың 1-ші жартысында наукастарды жасы бойынша бөлу.

	0-14 жас		15-17 жас		18-44 жас		45 және одан үлкен	
	Абс.саны\үлестік салмақ		Абс.саны\үлестік салмақ		Абс.саны\ үлестік салмақ		Абс.саны\ үлестік салмақ	
	2011	2012	2011	2012	2011	2012	2011	2012
Мерез		2/4,0	1/2,6		29/76,3	41/82,0	8/21,1	7/14,0
Созак			1/1,3		72/93,5	83/94,3	4/5,2	5/5,7
Хламидиоз			1/0,8	1/0,8	112/93,3	114/96,7	7/5,8	3/2,5
Барлығы		2/0,8	3/1,3	1/0,4	213/90,6	238/92,9	19/8,1	15/5,9

2012 жылдың бірінші жартысында балаларда мерездің 2 жағдайы анықталған: 1 жастағы балада ерте жасырын мерез, және 3 жастағы балада екіншілік рецидив беруші мерез. Олардың жұғуы тұрмыстық жолмен болған.

Қорытынды: сонымен Семей қаласы бойынша ЖЖБА көбінің азаюына қарамастан эпидемиологиялық жағдай барлық зерттеу кезеңінде қарқынды болып қала берді. Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде 2012 жылдың бірінші жартысында мерезбен аурушандық 31,6%-ға; созақпен аурушандық 14,2%-ға жоғарлады. Хламидиозбен аурушандық өткен жылдың деңгейінде сақталып қалды. 2012 жылдың 1-ші жартысында барлық ЖЖБА бойынша ең жоғарғы үлес салмағы 18-44 жас аралығына келетіні анықталды.

Жасөспірімдер арасында мерезбен, созақпен және хламидиозбен наукастанушылық азайған. 8-44 жас аралығындағы жастық категориясында мерездің – 41,3%-ға, созақтың – 15,2%-ға жоғарлағаны байқалады.

2012 жылдың бірінші жартысында балаларда мерездің 2 жағдайы анықталған: 1 жастағы балада ерте жасырын мерез, және 3 жастағы балада екіншілік рецидив беруші мерез.

Әдебиеттер:

1.Скрипкин Ю. К., А. А. Кубанова, В. Г. Акимов. Кожные и венерические болезни: учебник / М: ГЭОТАР-Медиа, - 2011. - 538 с.

2.Тихонова Л.И. Общий обзор ситуации с инфекциями, передаваемыми половым путем. Анализ заболеваемости врожденным сифилисом в Российской Федерации. Сборник материалов рабочих совещаний дерматовенерологов и акушеров-гинекологов. - 1999-2000. - С. 2-10.

3.Кубанова А.А., Лосева О.К. Основы первичной профилактики инфекций, передаваемых половым путем (ИППП), в группах повышенного поведенческого риска // Российский журнал кожных и венерических болезней. 2000. - №5. - С. 4-7.

4.Аравийская Е.Р. Анализ информированности подростков о сексуальных отношениях и инфекциях, передаваемых половым путем // Российский журнал кожных и венерических болезней. - 2001. - № 6. - С. 46-50.

5.Лузан Н. В. К вопросу о заболеваемости ЗППП у несовершеннолетних // Планирование семьи. - 1998. №2. - С. 22-25.

Резюме**ЗАБОЛЕВАЕМОСТЬ БОЛЕЗНЯМИ, ПЕРЕДАЮЩИМИСЯ ПОЛОВЫМ ПУТЕМ (ЗПП) ЗА 2011 И ПЕРВУЮ ПОЛОВИНУ 2012 ГОДА В ГОРОДЕ СЕМЕЙ****Ы.О. Кайрханова****Государственный медицинский университет города Семей, Магистрант кафедры молекулярной биологии и микробиологии по специальности «Медицина»**

В статье изучена динамика заболеваемости венерическими инфекциями в городе Семей в 2011-2012 гг. Так заболеваемость сифилисом и гонореей уменьшается, наблюдается тенденция повышения венерическим хламидиозом. Зарегистрированы 3 случая врожденного сифилиса. Основной контингент заболевших, в возрасте 18-44 лет.

Ключевые слова: заболеваемость, сифилис, гонорея, хламидиоз.

Summary**DYNAMICS OF THE INCIDENCE OF SEXUALLY TRANSMITTED INFECTIONS, IN SEMEY CITY IN 2011-2012 YEARS****Ы.О. Кайрханова****Semey State Medical University, Molecular biology and microbiology department**

In this publication is study dynamics of urogenital infection in Semey city within 2011-2012 years. Syphilis and gonococcal urethritis is decreased, but venereal chlamydiosis is arised. Mostly patients in 18-44 years old. In 2012 year was registered 3 case of congenital syphilis.

Key words: syphilis, gonorrhea, chlamydiosis.